

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ақтөбе облысының білім басқармасының
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін
орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе қаласы
2024 жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін
орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

<https://aktobe-shcola66.edu.kz/wp-content/uploads/2024/07/Өзін-өзі-бағалау-туралы-бұйрық.pdf>

1. Калыбаева Задагул Боранбаевна, мектеп директоры – комиссия төрағасы;
2. Бурабаева Сандуғаш Тұрғанбаевна, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі – хатшы;
3. Орынтаева Айгуль Жайғалиевна, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары - комиссия мүшесі;
4. Доскабылова Гаухар Жардемғалиевна, директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
5. Касымова Жанна Суйндиқовна, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- комиссия мүшесі;
6. Корпебаева Замзагуль Жолдыбаевна, директордың бастауыш кластар жөніндегі орынбасары – комиссия мүшесі;
7. Рзин Сағымжан Умирзакович, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;
8. Орынбасарова Айида Сансызбаевна, әлеуметтік педагог – комиссия мүшесі;
9. Сатмағанбетова Айдана Миртайқызы, мектепалды даярлық класының тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен -жайы).

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тұрғын үй алабы Бауырластар, құрылыс 170 А, пошта индексі 030021

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондыпочта, web-сайт).

Телефон: 87776788250 электронды почта – 66-mektep@aktgoroo.kz

Мектеп сайты: <http://aktobe-shcola66.edu.kz/>

4. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі).

Мектеп директоры Калыбаева Задагул Боранбаевна. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі №73 бұйрығымен тағайындалған.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың\қуәліктің көшірмесі қоса беріледі).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтама 2020 жылғы 19 ақпанда берілген. Алғашқы тіркеу күні 17.10.2017 жыл, БСН – 171040018523. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 202 жылғы 11 желтоқсандағы №448 қаулысымен бекітілген.

6. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 23.04.2020 жылы № KZ35RVK00023525 берілген. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 05.06.2020 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ76LAA00018330 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

9. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

9.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі.

Талдау нәтижелері: Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББО мектебі 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бекітілген оқу жұмыс жоспарлары зерделенді.

2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгеріс:12.05.2020 №195 бұйрығы) негізінде жасалынған, сол кезде қолданыста болған ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1 - қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 4 тармағының 1) тармақшасы талаптарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығымен келісілген, мектеп директоры қолымен бекітілген. Оқу жұмыс жоспары мектепалды даярлық сыныптарына арнап ҮОЖ негізінде талапқа сәйкес құрылған.

2022 - 2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығы (өзгеріс:09.09.2022 № 394 бұйрығы) негізінде жасалынған, сол кезде қолданыста болған ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1 - қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 4 тармағының 1) тармақшасы талаптарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығымен келісілген, мектеп директоры қолымен бекітілген. Оқу жұмыс жоспары мектепалды даярлық сыныптарына арнап ҮОЖ негізінде талапқа сәйкес құрылған.

2023 - 2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығы (өзгеріс: 09.09.2022 № 394 бұйрығы) негізінде жасалынған, сол кезде қолданыста болған ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 1 - қосымшасымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 4 тармағының 1) тармақшасы талаптарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысымен келісілген, мектеп директоры қолымен бекітілген. Оқу жұмыс жоспары мектепалды даярлық сыныптарына арнап ҮОЖ негізінде талапқа сәйкес құрылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 - қосымшасының 2 - тарауының 4 - тармағының 3 - тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

9.2. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру.

Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар негізінде ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында 2021 - 2022 оқу жылында мектепке дейінгі жаста 4 мектепалды даярлық

сыныбы, 2022-2023 оқу жылы 4 мектепалды даярлық сыныптары және 2023-2024 оқу жылы 4 мектепалды даярлық сыныптары болған. Мектепалды даярлық сыныптарына қатысты перспективалық жоспарлар, циклограммалар, ҰОҚ кестесі ұсынылған. Өтпелі тақырыптар оқу жылына бекітіліп ұсынылған. 2021 – 2022 оқу жылдарына арналған топтардың перспективалық жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (өзгеріс: ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412 бұйрығы) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде жасалған. 2021 - 2022 оқу жылдары перспективалық жоспарлары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына сәйкес құрастырылып және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы іске асырылған.

2022 - 2023 оқу жылындағы мектепалды «А», «Ә», «Б», «В» сыныптарына перспективалық жоспарлары, циклограммалары толық ұсынылған. 2022 - 2023 оқу жылындағы перспективалық жоспарлары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын басшылыққа алып құрылған.

Циклограммалар 2021 - 2022, 2022 - 2023 және 2023- 2024 оқу жылдарына барлық мектепалды сыныптарына бекітіліп ұсынылған. Сонымен қатар 2021 - 2022, 2022 - 2023, 2023 -2024 оқу жылдарына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің көшірмелері ұсынылған, кестеде барлық ҰОҚ атаулары, апталық сағат сандары оқу жұмыс жоспарына сай келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 - қосымшасының 2 – тарауының 4 - тармағының 4 - тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

9.3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау.

Кадрлық құрамға талдау.

2023-2024 оқу жылында Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебінде 4 топта 4 тәрбиеші жұмыс жасайды.

| Оқу жылдары | Педагогтар саны | Жоғары білімді | Оның ішінде, мектепке дейінгі жоғары білімді | Арнаулы орта білімді | Оның ішінде, мектепке дейінгі арнаулы орта | Педагогикалық білімі жоқ |
|-------------|-----------------|----------------|--|----------------------|--|--------------------------|
| 2023-2024 | 4 | 2 | 2 | 2 | 2 | 0 |

Бұдан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» 5 параграф.

«Мектепалды даярлық тобының/сыныбының педагогі» 24 - тармағы Біліктілікке қойылатын талаптар: "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі және (немесе) техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе "Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды», - делінген.

Осыған орай, мектепалды даярлық сынып тәрбиешілерінің барлықтарының мамандықтары біліктілік талаптарына сәйкес.

Біліктілік санаттары бойынша:

Қағиданың 24 - тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген. Осыған орай, педагогтардың барлығы санаттарын көтеруге жұмыстанған.

Біліктілік санаты бойынша мінездеме:

Қағиданың 24 – тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген. Осыған орай, педагогтардың барлығы санаттарын көтеруге жұмыстанған.

| Оқу жылы | Педагогтар саны | Педагог - зерттеуші | Педагог - сарапшы | Педагог - модератор | Санаты жоқ |
|-----------|-----------------|---------------------|-------------------|---------------------|------------|
| 2023-2024 | 4 | 0 | 0 | 3 | 1 |

Атап көрсетер болсақ

| № | Тәрбиешінің аты - жөні | Лауазымы, оқытылатын пәні | Санаты |
|---|----------------------------------|---|--|
| 1 | Мамбетова Нұрсилаш Кенжегуловна | Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі | Педагог-модератор бұйрық №320 – Ө 25.12.2019 жыл |
| 2 | Темірбай Сәуле Асқарқызы | Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі | Педагог-модератор бұйрық №320 – Ө 25.12.2019 жыл |
| 3 | Акеділова Жұлдыз Маратқызы | Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі | Педагог-модератор бұйрық №320 – Ө 25.12.2019 жыл |
| 4 | Сатмағамбетова Айдана Миртайқызы | Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі | Санаты жоқ |

2024 жылы төрт тәрбиеші Ұлттық біліктілік тестілеуге тіркеліп отыр. Қағиданың 24 тармағы орындалған. 4 педагог кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттырған.

Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша:

| № | Тәрбиешінің аты - жөні | Курс тақырыбы | Өткен орны | Өткен күні, сертификат нөмірі |
|---|------------------------|--|----------------|-------------------------------|
| 1 | Мамбетова Н. К. | «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | «Өрлеу»БАҰО АҚ | 14.07.2023жыл №0640548 |
| 2 | Темірбай С. А. | «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | «Өрлеу»БАҰО АҚ | 05.04.2024 жыл №0644121 |
| 3 | Акеділова Ж. М. | «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | «Өрлеу»БАҰО АҚ | 14.07.2023жыл №0640558 |
| 4 | Сатмағамбетова А. М. | «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» | «Өрлеу»БАҰО АҚ | 03.05.2024 жыл №0756195 |

Медициналық тексеруден өткен туралы:

Білім беру ұйымы 2 қосымшаға сәйкес педагогтардың медициналық тексеруден өтуі туралы мәліметке сәйкес, Қағиданың 2 тарауының, 25 - тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала

медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық, қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтеді» талабы толықтай орындалған.

Атап айтар болсақ,

| № | Тәрбиешінің аты - жөні | Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер |
|---|----------------------------------|---|
| 1 | Мамбетова Нұрсилаш Кенжегуловна | 25.07.2024 жыл |
| 2 | Темірбай Сәуле Асқарқызы | 25.07.2024 жыл |
| 3 | Ақеділова Жұлдыз Маратқызы | 25.07.2024 жыл |
| 4 | Сатмағамбетова Айдана Миртайқызы | 04.09.2024 жыл |


Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету.

Қағиданың тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады» - деп көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдардың 4-қосымшасына сәйкес мектепалды сыныптар жабдықтар мен жиһаздармен толықтай қамтамасыз етілген. Бұл Қағиданың 1 тарауының 9 тармағы талабына сәйкес.

Атап көрсетер болсақ,





Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес жағдай жасау Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайлар жасалған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары мектепалды даярлық сыныптарда ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болған жоқ.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу – әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры әдістемелік ұсынымның 5 қосымшасына сәйкес ұсынылған.

Мектеп директоры тарапынан бекітілген педагогтардың әзірлеген әдістемелік құралдарының тізімі мен педагогтардың әдістемелік кешендері ұсынылды.

Педагогтардың әзірлеген әдістемелік құралдарының тізімі:

| № | Аты - жөні | Тақырыбы | Жылы |
|---|-----------------------|---------------------------------------|----------|
| 1 | Сатмағанбетова Айдана | «Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі» | 2024 жыл |

| | | | |
|---|------------------------------------|--|----------|
| | Миртайқызы | | |
| 2 | Темірбай Сәуле Асқарқызы | «Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі» | 2024 жыл |
| 3 | Ақеділова Жұлдыз Маратқызы | «Мектепалды даярлық сынып балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар» | 2024 жыл |
| 4 | Мамбетова Нұрсилаш Кенжегуловна | «Мектепалды даярлық сынып балаларымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар» | 2024 жыл |

Педагогтардың әдістемелік кешендері тізімі бойынша:

| № | Аты - жөні | Мерзімі | Басылым | Жұмыс атауы |
|---|----------------------|----------------|--------------------------------|---|
| 1 | Сатмағамбетова А. М. | 2024 ж. наурыз | «Білім жолы нұрлы жол» журналы | «Мектепке дейінгі балалардың саусақ моторикасын дамыту» |
| 2 | Темірбай С. А. | 2024 ж. наурыз | «Білім жолы нұрлы жол» журналы | «Мектепке дейінгі бала тәрбиесі» |
| 3 | Ақеділова Ж. М. | 2024 ж. наурыз | «Білім жолы нұрлы жол» журналы | «Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеудің маңызы» |
| 4 | Мамбетова Н.К. | 2024 ж. сәуір | «Үздік қалам» журналы | «Халық ертегілері арқылы баланы адамгершілікке баулу» |

Мектеп кітапхана қорында келесі кітаптар көрсетілген:

| № | Оқу-әдістемелік кешеннің атауы | Мектепалды даярлық тобы, мектепалды даярлық сыныбы | |
|-----------------|--|--|---------------------------|
| | | Экземпляр саны | Оның ішінде қазақ тілінде |
| 2021 жыл | | | |
| 1 | +5 Жаратылыстану әліппе-дәптер Бритвина Е. Алматы кітап | 100 | 100 |
| 2 | +5 Қарапайым математика Ә.Ақпаева Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 3 | +5 Қоршаған ортамен танысу Сағиева С.З. Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 4 | +5 Көркем әдебиет Жұмыс дәптері №1,2 Әмірова Ә.С. Алматы кітап | 100 | 100 |
| 5 | +5 Құрастыру. Альбом Ф.Жумабекова. Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 6 | +5 Русский язык Азбука тетрадь Добрынина Г. Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 7 | +5 Сурет салу №1,2 Ф.Жумабековна Алматы кітап | 100 | 100 |
| 8 | +5 Сауат ашу негіздері Тұрсынбаева Г.Ж. Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 9 | +5 Қазақ тілі Жұмыс дәптері №1,2 Кумарова К.Д. Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 2022 жыл | | | |
| 1 | +5 Жапсыру Үлестірмелі материалдар М.Нүсіпәлиева Алматы кітап 2022 | 100 | 100 |
| 2 | +5 Қоршаған ортамен танысу Жұмыс дәптері С.Сағиева Алматы кітап 2018 | 100 | 100 |
| 3 | +5 Көркем әдебиет Жұмыс дәптері Ә.Әмірова Алматы кітап 2022 | 100 | 100 |
| 4 | +5 Математика негіздері Жұмыс дәптері Жұмыс дәптері №1,2 Ә.Ақпаева Алматы кітап 2022 | 100 | 100 |
| 5 | +5 Математика жазулар Жұмыс дәптері Ә.Ақпаева Алматы кітап 2022 | 100 | 100 |
| 6 | +5 Сауат ашу негіздері Жұмыс дәптері №1,2 Г.Тұрсынбаева Алматы кітап 2022 | 100 | 100 |
| 2023 жыл | | | |
| 1 | +5 Жапсыру Үлестірмелі материалдар Нусипалива М.К. 2022 | 95 | 95 |

| | | | |
|-----------------------|---|----|----|
| 2 | +5Қоршаған ортамен танысу жұмыс дәптері Сағиева С.З. 2022 | 95 | 95 |
| 3 | +5 Қоршаған ортамен танысу Демонстрац.материалдар (электронды нұсқау) Сағиева С.З. 2022 | 95 | 95 |
| 4 | +5Көркем әдебиет. Жұмыс дәптері №1,2 Әмірова Ә.С. 2022 | 95 | 95 |
| 5 | +5 Математика негіздері Жұмыс дәптері №1,2 Ақпаева Ә.Б. 2023 | 95 | 95 |
| 6 | +5 Математика негіздері Демонст. материалдар (элек. нұсқа)Ақпаева Ә.Б.2022 | 95 | 95 |
| 7 | +5 Сауат ашу негіздері жұмыс дәптері №1,2 Тұрсынбаева Г.Ж. 2023 | 95 | 95 |
| 8 | +5 Сауат ашу негіздері Үлестірмелі материалдар Тұрсынбаева Г.Ж. 2023 | 95 | 95 |
| 9 | +5 аппликация Раздаточный материал Нусипалиева М.К. 2023 | 95 | 95 |
| 10 | +5 Қазақ тілі Жұмыс дәптері №1,2 Кумарова К.Д. 2023 | 95 | 95 |
| 11 | Көркем әдебиет (№1,2) жұмыс дәптері Ә.С. Әмірова, К.Анартаева | 95 | 95 |
| 12 | Сауат ашу негіздері (1,2жұмыс дәптері) Г.Ж. Тұрсынбаева | 95 | 95 |
| 13 | Жапсыру Үлестірмелі материалдар М.Қ.Нүсіпалиева Қ.Қ.Күлпейісова | 95 | 95 |
| 14 | Математика негіздері (№1,2 жұмыс дәптері) Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, Ф.Б.Кинжибаева | 95 | 95 |
| 15 | Қоршаған ортамен таныстыру (жұмыс дәптері) С.З. Сағиева | 95 | 95 |
| 16 | Сауат ашу негіздері.Үлестірмелі материалдар Г.Ж.Тұрсынбаева | 95 | 95 |
| 17 | Мүсіндеу. Үлестірмелі материалдар А.Т.Таутанова, А.Т.Бүрлібаева | 95 | 95 |
| 18 | Сурет салу.Үлестірмелі материалдар Ф.Н.Жұмабекова | 95 | 95 |
| 19 | Сөйлеуді дамыту. Үлестірмелі материалдар Г.Ж.Тұрсынбаева, Қ.І.Үкібас | 95 | 95 |
| 20 | Құрастыру,альбом Жумабекова Ф.Н. Ойшыбаева А.А. | 95 | 95 |
| Көркем әдебиет | | | |
| 1 | Түлкі мен оқтау. Смагулова А.С., Ахмадиева З.А. | 1 | 1 |
| 2 | Волк и семеро Козлят. В.А. Жигарев | 1 | 0 |
| 3 | Түлкінің жорықтары. Қ.Байғабылова, Ғ.Момынәлиева | 1 | 1 |
| 4 | Қарпатшайым. Смагулова А.С.,Ахмадиева З.А. | 2 | 2 |
| 5 | Ақымақ қасқырдың аш қалуы. Қ.Байғабылова, Ө.Момыналиева | 1 | 1 |
| 6 | Тышқанның басынан кешкендері. Қ.Байғабылова | 2 | 2 |
| 7 | Бармақтай бала .Ахмадиева З.А., Смагулов А.С. | 1 | 1 |
| 8 | Қызыл телпек. Байбота Қошым-Ноғай | 2 | 2 |
| 9 | Спорт Әліппесі Е.Өтетілеуұлы | 2 | 2 |
| 10 | Ата-баба мұрасы. А.Байғабылова | 1 | 1 |
| 11 | Етік киген мысық. Қ.Байғабылова | 3 | 3 |

| | | | |
|----|---|---|---|
| 12 | Ару мен құбыжық . Қ.Байғабылова | 2 | 2 |
| 13 | Шалқан. Аманкелді Айқын | 3 | 3 |
| 14 | Кәрі арыстан. Ахмет Байтұрсынұлы | 2 | 2 |
| 15 | Күн, ай және әтеш. Қазақ Халық ертегілері | 4 | 4 |
| 16 | Үйшік . Қазақ халық ертегілері | 3 | 3 |
| 17 | Түймеқыз. Далдекеева Асылзат Артықбаевна | 2 | 2 |
| 18 | Кім күшті. Далабаева Меруерт Қалиқанқызы | 1 | 1 |
| 19 | Түлкі, қойшы, аю. Ертегілер | 2 | 2 |
| 20 | Қарлығаш пен дәуіт. Ертегілер | 4 | 4 |

Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін мектебінде мектепалды сыныптар оқу – әдістемелік кешендермен толықтай қамтылған. Мектеп оқу – әдістемелік кешендермен қамтылуы туралы әдістемелік ұсынымдарға арналған 5 – қосымшаға сәйкес мәліметтер ұсынылды.

Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)

Тәрбиеленушілер контингенті бойынша Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебінде 2021 - 2022, 2022 – 2023, 2023-2024 оқу жылдарында 4 мектепалды сыныптар болған. «Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ» КММ директоры тарапынан бекітілген тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы кестесіндегі топтардың жалпы бала саны көрсетілген.

Қағиданың I тарауының 7 тармағына сәйкес жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

1) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес деп көрсетілген.

2021 - 2022, 2022 - 2023, 2023 - 2024 оқу жылдарында мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиеленушілер саны Қағидаға сай болған.

Атап айтар болсақ,

| Оқу жылдары | «А» | «Ә» | «Б» | «В» |
|-------------|-----|-----|-----|-----|
| 2021-2022 | 25 | 25 | 25 | 25 |
| 2022-2023 | 25 | 25 | 25 | 25 |
| 2023-2024 | 24 | 24 | 23 | 24 |

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1 тарауының 7 тармағы орындалған. 1 тарауының 9 тармағы орындалған. Қағиданың 2 тарауының 21 тармағына сәйкес.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының, 1 тарауының 7, 9 тармақтарына, 2 тарауының 21, 22, 25 тармақтарына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» қосымшасының 2 тарауының 4 - тармағының 1 тармақшасына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығының Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендер тізбесіне сәйкес келеді.

9.4.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау нәтижелері: 2021 - 2022, 2022 - 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарында болған тәрбиеленушілердің жеке даму карталары толық ұсынылды. Оқу жылдары барысында әр тәрбиеленушінің жеке даму карталары жүргізілді. 2021 - 2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарында 100 балаға, 2022 - 2023 оқу жылы мектепалды даярлық сыныптағы 100 балаға, 2023 - 2024 оқу жылында мектепалды сыныптағы 91 балаға толтырылған. 2023 - 2024 оқу жылында мектепалды сыныптарының тәрбиеленушілерінің даму жоспарларының (карталарының) жұмыстары толық ұсынылды, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелерінде «Физикалық қасиеттерді дамыту»,

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс – әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары бойынша бастапқы, аралық мониторингтен кейін мектепалды сыныбындағы барлық тәрбиеленушімен жоспарланған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 - қосымшасының 2 – тарауының 6 – тармағына сәйкес келеді.

9.5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау

Талдау нәтижелері: 2021 - 2022, 2022 - 2023, 2023 - 2024 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің дамуының бастапқы мониторингін және нәтижелері ұсынылды. 2020 – 2021 оқу жылының бастапқы мониторинг бақылау парақтарындағы дискриптормен берілген индикаторлары (сұрақтары) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының Ғылыми - әдістемелік кеңесінде қаралып, 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №5 хаттамамен қолдануға ұсынылған «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің» әдістемелік ұсынымдарына (мұнда әдістемелік ұсыным Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған (ҚР БҒМ 2020 жылы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы) (бұдан әрі – Үлгілік бағдарламаға негізделген)) сәйкес келеді.

| Топ атауы | Топтағы бала саны | Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % | | |
|-----------|-------------------|--|--|--|
| | | I | II | III |
| «А» | 25 | 0 | 13 | 12 |
| «Ә» | 25 | 0 | 10 | 15 |
| «Б» | 25 | 0 | 11 | 14 |
| «В» | 25 | 0 | 9 | 16 |
| Барлығы | 100 | Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 43% | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 57% |

Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты ұсынған «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқаулық хатында «Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу - білім беру қызметін:

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

Физикалық қасиеттерді дамыту;

Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады» делінген.

Сондықтан 2022-2023 оқу жылында топ тәрбиеленушілерінің бастапқы мониторингі бақылау парақтарында «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс - әрекетін дамыту», «Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бағалау жүргізіліп, жеке қорытындысы шығарылуы керек.

2023 - 2024 оқу жылында бастапқы мониторинг Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1 – қосымшасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тарау 12 тармағына сәйкес жүргізілу тиіс, оның ішінде: «Физикалық даму, балалардың

коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады» - деп көрсетілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1 қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді.

9.6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Талдау нәтижелері: Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы бойынша тәрбиеленушілердің дамуының қорытынды мониторингін және нәтижелерін ұсынды:

2021-2022 оқу жылы бойынша

| Топ атауы | Топтағы саны | бала | Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % | | |
|-----------|--------------|------|--|---|---|
| | | | I | II | III |
| «А» | 25 | | 0 | 13 | 12 |
| «Ә» | 25 | | 0 | 10 | 15 |
| «Б» | 25 | | 0 | 11 | 14 |
| «В» | 25 | | 0 | 9 | 16 |
| Барлығы | 100 | | Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 43% | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 57% |

2022-2023 оқу жылы бойынша

| Топ атауы | Топтағы саны | бала | Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % | | |
|-----------|--------------|------|--|---|---|
| | | | I | II | III |
| «А» | 25 | | 0 | 4 | 21 |
| «Ә» | 25 | | 0 | 3 | 22 |
| «Б» | 25 | | 0 | 5 | 20 |
| «В» | 25 | | 0 | 6 | 19 |
| Барлығы | 100 | | Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 18% | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 82% |

2023-2024 оқу жылы бойынша

| Топ атауы | Топтағы саны | бала | Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы % | | |
|-----------|--------------|------|--|----|-----|
| | | | I | II | III |
| «А» | 24 | | 0 | 5 | 19 |
| «Ә» | 24 | | 0 | 3 | 21 |
| «Б» | 23 | | 0 | 3 | 20 |

| | | | | |
|---------|----|-------------------------------------|---|---|
| «В» | 24 | 0 | 3 | 21 |
| Барлығы | 95 | Төменгі деңгейдегі балалардың үлесі | Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 14,7% | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 85,3% |

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 20 тармағына сәйкес келеді.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар

10.1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша оқу жұмыс жоспарларын зерделеуге ұсынған. Барлық оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысымен келісіліп, мектеп директоры қолымен бекітілген.

2021-2022 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (*өзгеріс: 12.05.2020 №195 бұйрығы*) негізінде жасалынған, бұдан сол кезде қолданыста болған ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 4 тармағының 1) тармақшасы талаптарына сәйкес келеді.

2021-2022 – оқу жылында: Мектепалды сынып: «Денсаулық» - 396 сағат, «Қатынас» – 660 сағат, «Таным» - 330 сағат, «Шығармашылық» - 660 сағат, «Әлеумет» - 198 сағатты құрады, барлығы– 2244 сағат. Вариативтік компонент 3 сағаттан, 396 сағат.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арнап құрылған оқу жұмыс жоспары мектепалды сыныбына арнап құрылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығының 1,2,3-қосымшасы «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» (жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 №394 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) негізінде кіші топ, ортаңғы топ пен ересек топ және мектепалды сынып тәрбиеленушілеріне арналған оқу жұмыс жоспары құрылған ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары орындалған.

2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныптары үшін вариативтік компонент қарастырылмаған. Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлу, мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлу жұмыстары оқу жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1-қосымшасының 3 тарауы 22 тармағына сәйкес келеді.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар.

11.1. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

Талдау нәтижелері: тәрбиеленушілер білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Атап айтар болсақ:

| Оқу жылдары | Мектепалды даярлық сыныбындағы бала саны | Соның ішінде | | |
|--------------------|--|--------------|------------|------------|
| | | 5 жасарлар | 6 жасарлар | 7 жасарлар |
| 2021-2022 оқу жылы | 100 | 75 | 25 | 0 |
| 2022-2023 оқу жылы | 100 | 71 | 29 | 0 |
| 2023-2024 оқу жылы | 95 | 78 | 17 | 0 |

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 25-тармағына сәйкес келеді.

12.1.Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Талдау нәтижелері: мектепалды сыныптарын зерделеу үшін тәрбиеленушіні 1 - сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО Үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары орындалған. Бағалау кезеңі бойынша үш оқу жылына арналған тәрбиеленушілер тізімдері 3 - қосымшаға сәйкес ұсынылған.

Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 26-тармағына сәйкес келеді.

Ата - аналардан сауалнама нәтижелерін талдау.

Сауалнама Telegram каналда Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті маманының қатысуымен өткізілген. Сауалнамаға мектепалды сыныптарының ата-аналары қатысқан. Барлығы 91 ата - ананың 83 (91%) қатысқан. Сауалнама нәтижесі шығарылып, мектеп сайтына жүктелген.

Ата – аналардан алынған сауалнама нәтижесі

| № | Сұрақтар | Барлық ата –ана саны | Дауыс берген ата- ана саны/% | Толық келісемін | Келісемін | Келіспеймін | Толық келіспеймін |
|---|---|----------------------|------------------------------|-----------------|-----------|-------------|-------------------|
| 1 | Менің балам мектепке қуана барады? | 95 | 85% | 15/16% | 61/67% | 1/1% | 1/1% |
| 2 | Сыныпта қолайлы атмосфера бар? | 95 | 89% | 10/11% | 66/73% | 3/3% | 2/2% |
| 3 | Мектеп сапалы білім береді? | 95 | 89% | 10/11% | 69/76% | 1/1% | 1/1% |
| 4 | Оқу пәндері менің балама оңай беріледі? | 95 | 87% | 15/16% | 61/67% | 3/3% | 1/1% |
| 5 | Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды? | 95 | 90% | 13/14% | 65/72% | 2/2% | 2/2% |
| 6 | Біздің баламызға оқу сабақтары мен үй тапсырмасы шамадан тыс жүктелмейді? | 95 | 86% | 10/11% | 68/75% | 0 | 0 |
| 7 | Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды? | 95 | 90% | 7/8% | 74/81% | 0 | 1/1% |
| 8 | Мен баланың оқу жетістіктерімен мінез | 95 | 89% | 9/10% | 69/76% | 3/3% | 0 |

| | | | | | | | |
|----|---|----|-------|--------|--------|------|------|
| | – құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанамын? | | | | | | |
| 9 | Мен мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына ризамын? | 95 | 89% | 8/9% | 68\75% | 2/2% | 3/3% |
| 10 | Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын? | 95 | 90% | 24/26% | 56/62% | 2/2% | 0 |
| 11 | Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс – шаралар өткізіледі? | 95 | 90% | 15/16% | 62/69% | 1/1% | 4/4% |
| 12 | Мен мектеп /буфет жұмысымен қанағаттанамын? | 95 | 86% | 8/9% | 59\66% | 5/5% | 6/6% |
| 13 | Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды? | 95 | 88% | 10/11% | 70/77% | 0 | 0 |
| 14 | Менің балам мектепте қауіпсіз? | 95 | 90% | 9/10% | 73/80% | 0 | 0 |
| 15 | Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды? | 95 | 88% | 7/8% | 72/79% | 1/1% | 0 |
| 16 | Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын? | 95 | 84% | 8/9% | 66/73% | 0 | 2/2% |
| 17 | Мектеп өміріне қатысуға ниет бар? | 95 | 83,5% | 2/2% | 70/77% | 3/3% | 1/1% |
| 18 | Егер сіз жауаптардың кез –келгенін түсіндіргіңіз келсе, мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз, мектепке ұсыныстар бергіңіз келсе, сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз | 95 | | | | | |

Ата – аналардан алынған сауалнама нәтижесі

| № | Қатысқан ата-аналар саны | Толық келісемін | Келісемін | Толық келіспеймін | Келіспеймін |
|---|--------------------------|-----------------|-----------|-------------------|-------------|
| | 95 | 11% | 67% | 1% | 1% |
| | | 78%-4 балл | | | |

Ата-аналардан алынған сауалнаманы қорытындылайтын болсақ, сауалнамаға 87 ата-ана қатысқан (91%). Сауалнама сұрақтары 17 сұрақпен қамтылған. Сауалнамаға барлық қатысқан ата-аналар толық жауап берген. Талап бойынша 65%-дан 79% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанғанса, «4» балл болады.

Педагогтардан алынған сауалнама нәтижесі

Сауалнамаға 4 педагог қатысқан.

Педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

| Қатысқан педагог саны | Толық келісемін | Келісемін | Толық келіспеймін | Келіспеймін |
|-----------------------|-----------------|-------------|-------------------|-------------|
| 4 | 18% | 82% | 0% | 0% |
| | | 100%-5 балл | | |

Педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысын айтатын болсақ, сауалнамаға барлығы – 4 педагог қатысқан (100%). Сауалнамада 16 сұрақ қамтылған. Сауалнамаға барлық қатысқан педагогтар толық жауап берген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 Бұйрыққа қосымша Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2 тарауының 8 тармағы бойынша онлайн сауалнама жүргізіліп, педагогтар мен ата-аналар 90 пайыздан кем емес қатынасты және сауалнама нәтижесі бойынша білім беру ұйымының білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі 5 баллмен айқындалды.

II. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар

12.1. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;

Таладу нәтижесі:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарын басшылыққа алып оқу жұмыс жоспары жасалған.

2021-2022 оқу жылының 1-4 сыныптарға арналған «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық)

2021 жылдың 31 тамыздағы №1 Педагогикалық кеңестің шешімімен ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1- қосымшасы басшылыққа алынып жасалды:

5-9 сыныптарға арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды:

10 сыныпқа арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығының 31-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды:

11 сыныпқа арналған оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығының 2-қосымшасы басшылыққа алынып жасалды:

